

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бүйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2016 жылғы 24 маусымдағы № 280 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 15 шілдеде № 13935 болып тіркелді.

БҮЙЫРАМЫН:

1. Осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бүйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өндеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға, сондай-ақ бес жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың инtranet-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары -

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мырзахметов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Ақпарат және коммуникациялар министрі

Д. Абаев

2016 жылғы 27 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Әділет министрі

Б. Имашев

2016 жылғы 28 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрі

Ж. Қасымбек

2016 жылғы 29 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Каржы министрі

Б. Сұлтанов

2016 жылғы 25 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

К. Бишімбаев

2016 жылғы 30 маусым

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2016 жылғы 24 маусымдағы
№ 280 бүйрігіна
қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Астық қабылдау кәсіпорындары есептілігінің ұлгілік нысандарын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2011 жылғы 27 қыркүйектегі № 06-1/545 бүйрігінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7259 болып тіркелген, 2012 жылғы 10 сәуірде "Егемен Қазақстан" газетінің № 138-142 (27215) сандарында жарияланған):

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Астық қабылдау кәсіпорындары есептілігінің үлгілік нысандары осы бүйрыққа 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.";

көрсетілген бүйрыққа 1-қосымшада:

"Ескертпе: * тамыздан бастап желтоқсанның сонына дейінгі кезеңде өсу қорытындысымен апта сайын (сәрсенбі сайын Астана қаласы уақытымен сағат 15-00-ге дейін) электрондық форматта ұсынылады.

Астық қабылдау кәсіпорындары www.minagro.kz астық қолхаттарының ақпараттық жүйесі веб-порталынан жүктеп алуға болатын "Есептілікті тапсырудың бірыңғай жүйесі" бағдарламалық қамтымын пайдалана отырып, электрондық есеп қалыптастырады. Электрондық есепке астық қабылдау кәсіпорындарының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылады және ол бағдарламалық қамтымдағы астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) есепті жіберуге және енгізуге арналған сервисті пайдалана отырып, Тізілімге ұсынылады.";

көрсетілген бүйрыққа 2-қосымшада:

"Ескертпе: * тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 күнінен кешіктірмей, электрондық форматта ұсынылады.

Астық қабылдау кәсіпорындары www.minagro.kz астық қолхаттарының ақпараттық жүйесі веб-порталынан жүктеп алуға болатын "АӨК субъектілерінің электрондық есептілік жүйесі" бағдарламалық қамтымын пайдалана отырып, электрондық есеп қалыптастырады. Электрондық есепке астық қабылдау кәсіпорындарының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылады және ол бағдарламалық қамтымдағы астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) есепті жіберуге және енгізуге арналған сервисті пайдалана отырып, Тізілімге ұсынылады.";

** - бланктердің сериялары және ____ бастап ____ дейінгі нөмірлері және саны, дана, көрсетіледі";

осы тізбеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 3-қосымшамен толықтырылсын;

2. "Астық нарығының мониторингін жүргізу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 8 мамырдағы № 18-03/241 бүйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7713 болып тіркелген, 2012 жылғы 15 тамызда "Егемен Қазақстан" газетінің № 510-515 (27588) сандарында жарияланған):

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Астық нарығының мониторингін жүргізу қағидалары көрсетілген тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Астық қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 4-1/339 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11595 болып тіркелген, 2015 жылғы 28 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Астық қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі осы тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Астық қабылдау кәсіпорны мен астық иесі арасындағы астықты сақтаудың жария шартының үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 4-1/487 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11596 болып тіркелген, 2015 жылғы 22 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Астық қабылдау кәсіпорны мен астық иесі арасындағы астықты сақтаудың жария шартының үлгілік нысанында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сақтауға берілетін астықтың көлемі мен сипаттамасын, астықтың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында ол жеткізілетін сапа көрсеткіштерін осы шартқа қосымшада Тараптар анықтайды.";

3-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімінде (бұдан әрі – Тізілім) астық қолхатын шығаруға бұйрық қалыптастырып, сақтауға қабылданған, сапасы бойынша біртекті астықтың әр партиясына Иеленушіден астық қабылданған күннен бастап күнтізбелік үш күннен аспайтын мерзімде астық қолхатын шығаруға;";

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) астықты қабылдағанда оның сапасын анықтауды осы шартқа қосымшада көрсетілген стандартқа сәйкес жүзеге асыруға;";

6) тармақша алып тасталсын;

7), 8), 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Иеленуші Тізлімде қалыптастырытын, астық қолхатын өтеуге арналған бұйрық негізінде астық беруге ("Астық туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 31-бабында және осы шарттың 4-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда). Астықты беру (тиеп-жіберу) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 маусымдағы № 4-1/546 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 11804 болып тіркелген) бекітілген Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – Астықты есепке алу қағидалары) сәйкес жүргізіледі. Астық берілгеннен кейін астық қолхаты өтеледі;

8) сақтаудағы астықтың жойылу немесе бүліну қаупі туындаған жағдайларды қоспағанда, Иеленушінің келісімінсіз үшінші тұлғалардың астық сақтау қоймаларында сақтаудағы астықты араластырмая. Иеленушінің Тізлімде астық қолхатын өтеуге бұйрық қалыптастыруы үшін АҚҚ астықтың үшінші тұлғаға сақтауға берілгені туралы Иеленушіге тез арада хабарлауға міндettі. Бұл ретте АҚҚ астықты сақтауға берген үшінші тұлғаның іс-қимылына толық жауап береді;

9) Иеленушіге оның өтінімі бойынша үш жұмыс күні ішінде АҚҚ-нің техникалық мүмкіндіктері туралы ақпарат ұсынуға;";

13) және 14) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"13) Астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру, қайтарып алу туралы, сондай-ақ АҚҚ-ні қайта ұйымдастыру, атауын өзгерту, банкроттық рәсімінің қозғалғаны, өз еркімен таратылуы туралы шешімнің қабылданғаны туралы Иеленушіні тиісті шешім қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлар етуге ;

14) Астықтың есебін жүргізу қағидаларына сәйкес астықты осы шартқа қосымшада белгіленген сапалық көрсеткіштерге дейін жеткізу нәтижесінде алынған астық қалдықтарын қайтаруды қамтамасыз етуге міндettенеді.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Иеленуші осы шарттың 3-бөлімінде белгіленген тәртіппен және жағдайларда АҚҚ-нің көрсетілетін қызметтеріне уақтылы ақы төлеуге міндettенеді.";

6-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы шартқа қосымшада көрсетілген стандарт бойынша астықты қабылдағанда оның сапасын анықтауға";

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) өтінім бойынша АҚҚ-нің техникалық мүмкіндіктері туралы ақпарат алуға";

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) астық қалдығын қайтаруға және астықты осы шартқа қосымшада белгіленген сапалық көрсеткіштерге дейін жеткізу нәтижесінде алынған астық қалдығына билік етуге құқылы.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Әрбір операция бойынша жеке-жеке астықты сақтау жөнінде қызметтер көрсету (қабылдау, кептіру, тазалау, сақтау, тиеп-жіберу) үшін АҚҚ-нің сыйақы сомасы АҚҚ-нің оларды көрсетумен байланысты барлық шығыстарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген салық және басқа да міндетті төлемдерді қамтиды және осы шартқа қосымшада айқындалады.";

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Астықты сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу ақшамен не Тараптардың келісімімен анықталған баға бойынша сақтаудағы астықтың тиісті көлемін беру жолымен жүргізіледі.

10. Көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу мерзімдері Тараптардың келісімі бойынша осы шартқа қосымшаға сәйкес айқындалады.";

22, 23 және 24-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Осы шарт бойынша құқықтар мен міндеттер астық қолхатында көрсетілген көлемдегі астыққа арналған астық қолхаты бойынша құқықтарды берумен бір уақытта беріледі.

23. Көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтер өзгергенде, астық жеткізілетін сапалық көрсеткіштерді жақсарту қажет болғанда немесе АҚҚ-ге жаңа астық партиялары түскенде тиісті өзгерістер осы шартқа қосымша қосымшаға қол қою арқылы ресімделеді.

24. Осы шартқа қосымша оның ажырамас бөлігі болып табылады, ол жазбаша түрде ресімделуі, оған Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолдары қойылуы және мөрлермен расталуы тиіс.";

1-қосымшаның оң жақ жоғары бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Астық қабылдау кәсіпорны мен астық иесі арасындағы астықты сақтаудың жария шартының үлгілік нысанына қосымша";

көрсетілген Үлгілік нысанға 2-қосымша алып тасталсын.

5. "Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 4-1/502 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11848 болып тіркелген, 2015 жылғы 21 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорларын құруға, олардың жұмыс істеуі мен таратылуына қойылатын талаптар, астық қабылдау кәсіпорындарының астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысу шарттарында:

2-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) астық қолхаттарын ұстаушылар туралы ақпарат – астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімінде қалыптастырылатын және астық қабылдау кәсіпорны Қорға беретін электрондық құжат;";

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) қатысушы – астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, онымен Қор қатысу шартын жасасқан және ол шарт қолданылатын астық қабылдау кәсіпорны;"
;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қор қызметінің негізгі мақсаты астық қолхаттарын ұстаушылардың мұдделерін астық қабылдау кәсіпорындарының өздері берген (шығарған) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындаудың қорғауды қамтамасыз ету болып табылады."

;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Астық қабылдау кәсіпорындарының өздері шығарған астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындаудың астық қолхаттарын ұстаушылардың құқықтары мен заңды мұдделерін қорғау мақсатында Қор кепілдік төлем жүргізу үшін өтемең қорын (резерв) құрады.";

10-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясының және астық қабылдау кәсіпорнын жаңа өнім астығын қабылдауға дайындығы тұрғысынан зерттеу-тексеру актісінің (бұдан әрі – зерттеу-тексеру актісі) болуы;";

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Қорға өтініш берген күннің алдындағы он екі ай ішінде ол берген (шығарған) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін сottардың жауапқа тартуы фактілерінің болмауы.";

11-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның электрондық нысаны;";

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) астық қабылдау кәсіпорнының өтініш берілген күннің алдындағы он екі ай ішінде астық қолхаттарын ұстаушылар алдындағы төлем мерзімі өткен берешегінің және ол берген (шығарған) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін сottтың жауапқа тартуы фактілерінің жоқтығы

туралы, астық қабылдау кәсіпорнының басшысы мен бас бухгалтері қол қойған және астық қабылдау кәсіпорнының мөрімен расталған хабарландыру хаты;";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Қатысушы кепілдік берілетін астық қолхаттарын мониторингтеу мақсатында ай сайын Қорға астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімінен (бұдан әрі – АҚҰМӘТ) астық қолхаттарын ұстаушылар туралы ақпаратты ұсынады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорының (қорларының) кепілдіктер алу және астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорының (қорларының) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді өтеу қағидаларында:

2-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) қатысушы – астық қолхаттарын шығара отырып қойма қызметі бойынша қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, онымен Қор қатысу шартын жасасқан және ол шарт қолданылатын астық қабылдау кәсіпорны;";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қор Заңның 6-бабы 12) тармақшасына сәйкес қатысушымен шығарған астық қолхаты бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік береді.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Кепілдік жағдайы туындаған кезде астық қолхатын ұстаушы не кепіл ұстаушы кепілдік жағдайы туындаған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде кепілдік төлемді алған үшін Қорға жүгінеді.";

6-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) АҚҰМӘТ-дан астық қолхаты бойынша дербес шотынан үзінді-көшірме;";

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) қарыз, кепіл шарттарының көшірмелері және Қор кепілдік берген астық қолхатымен қамтамасыз етілген міндеттемелердің орындалмағандығын растайтын құжаттар (кеңіл ұстаушы жүгінген жағдайда);";

9-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) талапты қарау мерзімі ішінде қатысушы астық қолхаты бойынша өз міндеттемелерін ерікті түрде орындағанда;";

6) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"6) АҚҰМӘТ-да астық қолхаттары туралы деректердің болмауы;

7) осы Қордың қатысушысы болып табылмайтын астық қабылдау кәсіпорнымен шығарылған астық қолхатын ұстаушы жүгінген кезде.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Астық қолхатын ұстаушыға осы Қағидалардың 15-тармағына сәйкес есептелген астық құнының тиесілі бөлігі қайтарылады.";

15-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) баға кестесі бойынша, астық қолхатында көрсетілген астықтың сапасына ұксас сапалық көрсеткіштер бойынша бір тонна астық құнының;";

16 және 17-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Астық қолхатын ұстаушының астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызмет көрсету жөніндегі қатысушының алдында берешегі болған жағдайларда, кепілдік төлемінен көрсетілген қызметтер үшін қатысушы алдындағы берешек сомасы шегеріледі.

17. Астық қолхатын ұстаушы алдындағы қатысушының міндеттемелерін өтеуді жүзеге асырған Қорға ол төлеген сома шегінде астық қолхатын ұстаушы осы қатысушыға қоятын талап ету құқығы өтеді. Қор берешекті толық көлемде өтемеген жағдайда, астық қолхатын ұстаушы тиісті өтелген көлемге арналған астық қолхаты бойынша құқықты астықтың көлемін бірнеше астық қолхаттарына бөлу және астық қолхаттары бойынша астықтың тиісті көлемін беру арқылы береді.".

6. "Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 маусымдағы № 4-1/546 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11804 болып тіркелген, 2015 жылғы 21 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Астықпен жасалатын барлық операциялар (қабылдау, өлшеу, кептіру, тазалау, сақтау, тиеп жөнелту), сандық-сапалық есебі және тиісті құжаттарды ресімдеу 1 килограммға дейінгі дәлдікпен нақты салмақта жүргізіледі. Астық қолхатын шығару және оны астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімінде (бұдан әрі – АҚҰМӘТ) ресімдеу кезінде есепке жатқызылған нақты салмақ көрсетіледі." ;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Егер, келіп түскен астықтың сапасы ылғалдылығы, арамшөп және дән қоспасы бойынша сақтау шартында көрсетілген нормаларға сәйкес немесе олардан жақсы болса, АҚҰМӘТ-ның астық қолхатында нақты сапасы көрсетіледі, ал есепке жатқызылған нақты салмақ нақты салмаққа тең болады.

72-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) АҚҰМӘТ-дан астық қолхаттарын ұстаушылар туралы ақпаратты;".

7. "Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 24

маусымдағы № 4-1/564 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11835 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды жүргізу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) астық қабылдау кәсіпорны – астық сақтау жүзеге асырылатын меншік құқығында астық қоймасы (элеватор, астық қабылдау пункті) бар занды тұлға;

2) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару (бұдан әрі – уақытша басқару) – астық қабылдау кәсіпорындарының астық қолхаттары бойынша міндеттемелерін қамтамасыз ету мақсатында оларға қатысты әкімшілік, зандық, қаржылық, ұйымдық-техникалық және басқа да іс-шаралар мен рәсімдер кешенін мәжбүрлеп жүргізу;

3) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қоры – астық қабылдау кәсіпорындарының өздері берген (шығарған) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерін орындамауынан астық қолхаттарын ұстаушылардың мұдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында құрылатын занды тұлға;

4) астық қолхаты – астықтың белгілі бір мөлшеріне меншік құқығын растайтын, құжатсыз эмиссиялы емес бағалы қағаз түріндегі қоймалық куәлік;

5) астық қолхатын ұстаушы – астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімінде тіркелген, астық қолхаты бойынша құқықтарға ие тұлға;

6) уақытша басқару жөніндегі комиссия – уәкілетті органның, облыстың жергілікті атқарушы органының, астық қабылдау кәсіпорнының, сол астық қабылдау кәсіпорны берген (шығарған) астық қолхаттарын ұстаушылардың, астық қабылдау кәсіпорны қатысуға шарт жасаған астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорының (қорларының) өкілдерін қамтитын алқалы орган;

7) уәкілетті орган – құзыреті шегінде астық нарығына қатысушылардың қызметін үйлестіруді және реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Облыстың жергілікті атқарушы органы уақытша басқаруды енгізу үшін негіз болатын фактілер анықталған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде:

1) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу туралы сотқа арыз береді және берілген арыз туралы ақпаратты астық қолхаттарының ақпараттық жүйесінің www.minagro.kz веб-порталында (бұдан әрі – Портал) жариялайды;

2) астық қабылдау кәсіпорнына, астық қабылдау кәсіпорны қатысу шартын жасасқан астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорына

(корларына) және сол астық қабылдау кәсіпорны берген (шығарған) астық қолхаттарын ұстаушылардың бәріне үш жұмыс күні ішінде уақытша басқару жөніндегі комиссияның құрамына кандидатуралар беру туралы ұсыныс жолдайды";

8-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Уақытша басқару жөніндегі комиссия сottың уақытша басқаруды енгізу туралы шешімі қабылданған* күннен бастап екі жұмыс күнінен кеш емес мерзімде:";

9-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Облыстың жергілікті атқарушы органды сottың уақытша басқаруды енгізу туралы шешімі қабылданған* күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Порталда, сондай-ақ астық қабылдау кәсіпорнының қаражаты есебінен республикалық, облыстық маңызы бар кемінде екі газетте мемлекеттік және орыс тілінде:";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Уақытша басқару жөніндегі комиссия уақытша басқаруды енгізу туралы хабарлама Порталда жарияланған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде уақытша әкімшіліктің құрамына өкілдерді сайлау үшін астық қолхаттарын ұстаушылардың жиналышын өткізуі үйымдастырады және уақытша әкімшіліктің құрамын бекітеді.";

12-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) астық қабылдау кәсіпорнының ол берген (шығарған) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерін қалпына келтіруге бағытталған шарттарды жасасады және құжаттарға қол қояды";

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) астық қабылдау кәсіпорны астық қолхаттары бойынша міндеттемелерін орындауга кепілдік беру қорына қатысқан жағдайда, аталған қорға сол астық қабылдау кәсіпорны берген (шығарған) астық қолхаттарынан туындайтын міндеттемелер бойынша берешекті бірінші кезектегі тәртіппен өтеу туралы талап қояды";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Мөрлер, мөртабандар, бланктер, құнды заттар, үй-жайлардың, сейфтердің кілттері, астық қабылдау кәсіпорнының құжаттамасы, құрылтай, құқық белгілеуші және тіркеу құжаттарының түпнұсқалары сottың уақытша басқаруды енгізу туралы шешімі қабылданған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде уақытша әкімшілікке еркін нысандағы қабылданап алу-беру актісіне сәйкес беріледі.

14. Балансқа енгізілген немесе енгізілмеген уақытша басқару режиміндегі астық қабылдау кәсіпорнының барлық мүлкі сottың уақытша басқаруды енгізу туралы шешімі қабылданған күннен бастап күнтізбелік үш күн өткен соң түгендеуге жатады. Балансқа енгізілмеген мүлік түгендеу ведомосінде көрсетіледі және кейін балансқа енгізілуге жатады.";

2-тараудағы ескертпе алып тасталсын.

20-тармақтың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) астық қабылдау кәсіпорнының берген (шығарған) астық қолхаттары бойынша өз міндеттемелерін орындау қабілеттілігін қалпына келтіру;"

22-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) астық қабылдау кәсіпорның астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензиядан айыру туралы облыстың тиісті жергілікті атқарушы органына ұсыныс енгізеді:";

8. "Астық қолхаттарының мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 28 шілдедегі № 4-1/699 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12016 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 қыркүйекте "Әділет" акпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімін қалыптастыру және жүргізу қафидалары бекітілсін";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Астық қолхаттарының мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу қафидалары осы тізбеке 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігінің
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлінің
2011 жылғы 27 қыркүйектегі
№ 06-1/545 бұйрығына
3-қосымша

Үлгілік нысан

Астық қолхаттарын ұстаушылар туралы ақпарат* жылдың тоқсаны үшін**

астық қабылдау көсіпорнының атауы

№	Астық қолхаты бланкісінің	Астық қолхатының	Астық иесінің атауы жеке тұлғаның	Астықты сақтау шартының	Дақыл	Сыныбы	Сорты (Репродукциясы (түкым үшін)	Е г i с стандартының
---	---------------------------------	---------------------	--	-------------------------------	-------	--------	------------	-------------------------------	-------------------------

сериясы және нөмірі	берілген күні	тегі, аты-жөні)	нөмірі және күні			Егін жинау жылы	тұқым үшін)		сыныбы тұқым үшін)	(Есептелге нақты салмағы	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

кестенің жалғасы

Дән маңызы		Қабықтылығы	Тұсу саны	Құрғақ затқа акызыздың салмақтық үлесі	Өзге де көрсеткіштер	Астық қолхатын өтеу түрі	Астық қолхатын өтеу күні	Кепіл талаптары туралы мәліметтер		Кепілдік бе корының, : сақтандыру ұйымның атауы
Салмақтық үлесі	Д е н маңызының сапасы немесе индексі							Талап сомасы	Астыққа кеңіл құқығын белгілеу мерзімдері	
21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	31

Ескертпе:

* - тек "қағаз" астық қолхаттарына ғана қатысты;

** - тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 күнінен кешіктірмей, электрондық форматта ұсынылады.

Астық қабылдау кәсіпорындары www.minagro.kz астық қолхаттарының ақпараттық жүйесі веб-порталынан көшіруге болатын, "Есептілік тапсырудың бірыңғай жүйесі" бағдарламалық қамтымын пайдалана отырып, электрондық есеп қалыптастырады. Электрондық есепке астық қабылдау кәсіпорнының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылады және астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) бағдарламалық қамтымдағы жіберуге және Тізілім құрылымына қосуға арналған сервисті пайдалана отырып, беріледі.

Басшы _____

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігінің
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігінің
2012 жылғы 8 мамырдағы
№ 18-03/241 бұйрығымен бекітілді

Астық нарығының мониторингін жүргізу қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Астық нарығының мониторингін жүргізу қағидасы (бұдан әрі – Қағидалар) "Астық туралы" 2001 жылғы 19 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 12-1) тармақшасына сәйкес өзірленді және астық нарығының мониторингін жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) астық қолхаттарын тіркеуші (бұдан әрі – тіркеуші) – жарғылық капиталына мемлекет қатысатын, бағалы қағаздар нарығында жұмыс тәжірибесі бар, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға;

2) астық нарығына қатысушылар – астықты өндіруге, сақтауға, тасымалдауға, қайта өндеуге және өткізуге қатысатын заңды және жеке тұлғалар;

3) астық нарығының мониторингі (бұдан әрі – мониторинг) – астық нарығына қатысушылар астықты өндіруді, сақтауды, тасымалдауды, қайта өндеуді және өткізуді қоса алғандағы онымен жүзеге асыратын операциялар туралы деректерді жинауға, өндеуге және талдауға бағытталған тұрақты іс-шаралар жиынтығы;

4) бағдарламалық қамтамасыз ету – тіркеуші өзірлеген және шаблондар түрінде бағдарламалық қамтамасыз етуінде ұсынылған есептіліктің және ақпараттың әр түрлі нысандарын дайындауға арналған "Есептілікті тапсырудың бірыңғай жүйесі" (ЕББЖ) бағдарламалық қамтамасыз ету;

5) мамандандырылған ұйым – акционерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі және (немесе) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдинг, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешен салаларын тұрақты дамыту, агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін бәсекелестік нарығында жоқ немесе мардымсыз көрсетілетін жекелеген қызмет түрлерімен қамтамасыз ету мақсатында құрылатын олардың аффилирленген тұлғалары болып табылатын ұйым;

6) электрондық есеп – ұлттық куәландыруыш орталық берген электрондық цифрлы қолмен (бұдан әрі – ЭЦКҚ) қол қойылатын мониторингтің деректерімен бағдарламалық қамтамасыз етудің толтырылған тиісті шаблоны.

3. Мониторингті астық нарығы саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) және облыстардың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

2. Мониторинг жүргізу тәртібі

4. Мониторинг кезеңдері:

- 1) деректерді жинау;
- 2) деректерді өндеу;
- 3) деректерді талдау.

5. Мониторинг деректері:

- 1) астықты ішкі нарықта және экспортқа тасымалдау туралы;
- 2) астық қабылдау кәсіпорындарының жүктелгендігі туралы ақпаратты қамтиды.

6. Мониторинг деректерін талдау үшін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұлттық тасымалдаушыдан және темір жол көлігіндегі басқа тасымалдаушылардан алынатын және астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) қоса берілетін астықты ішкі нарықта және экспортқа тасымалдау туралы ақпарат пайдаланылады.

7. Ауыл шаруашылығы нарықтарының мониторингі саласындағы мамандандырылған ұйым (бұдан әрі – Мамандандырылған ұйым) астықтың орташа нарықтық бағалары туралы ақпаратты тізілімге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша апта сайынғы негізде ұсынады.

8. Лицензияланған астық қабылдау кәсіпорындары астық қабылдау кәсіпорындарының жүктелгендігі туралы ақпаратты ай сайын осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тізілімге жолдайды.

9. Облыстардың жергілікті атқарушы органдары тізілімге осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астық қабылдау кәсіпорнына уақытша басқарудың енгізілгені туралы ақпарат береді.

10. Мониторинг деректерін өндеу және талдау кезінде астық қабылдау кәсіпорындары, Мамандандырылған ұйым, ұлттық тасымалдаушы және темір жол көлігіндегі басқа тасымалдаушылар, сол сияқты облыстардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – субъектілер) тізілімге ұсынатын деректер пайдаланылады.

11. Осы Қағидалардың 6, 7 және 8-тармақтарында көрсетілген ақпарат субъектінің ақпараттық жүйесінің астық қолхаттарының ақпараттық жүйесімен интеграциялық өзара іс-қимыл арқылы немесе тіркеушіге келесі тәртіпте беріледі;

1) бағдарламалық қамтамасыз етудің тиісті шаблоны толтырылады, ол астық қолхаттарының ақпараттық жүйесінің веб-порталында www.minagro.kz (бұдан әрі – Портал) көшіріп алу үшін еркін қол жетімділікте орналастырылады;

2) шаблонды толтыру нәтижесінде электронды есеп қалыптастырылады, оған субъектінің электрондық цифрлы қолымен қол қою және тізілімнің құрылымына электронды есепті жіберу және енгізу үшін бағдарламалық қамтамасыз етудегі бар сервисті пайдалана отырып тізілімге жіберу қажет.

12. Тіркеуші электронды есептің түсінен бастап бес жұмыс күннің ішінде ЭЦҚҚ көрсетілген субъектінің электронды мекенжайына электронды есептің тізілімге енгізілгені немесе оны қабылдаудан бас тартудың себептер туралы электронды хабарлама жібереді. Тіркеушінің электронды есепті қабылдаудан бас тартуына субъектінің осы Қағидаларда көрсетілген талаптардың сақтамауы негіздеме болып табылады.

13. Мониторинг деректерін талдауды, деректерді Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынуды уәкілетті орган жүзеге асырады.

14. Мониторинг деректері астық нарығына қатысушылар үшін жалпы қолжетімді болып табылады, деректерге рұқсатты тіркеуші Портал арқылы қамтамасыз етеді.

Нысан

**20 ____ жылғы "___" ____ жай-күй бойынша астықты
ішкі нарықта және экспортқа тасымалдау туралы ақпарат**

(ұлттық тасымалдаушының және басқа да тасымалдаушылардың атауы және мекенжайы)

Индексі: № 2-АІНЭТ.

Кезеңділігі: ай сайын.

Ұсынатын тұлғалар тобы: Теміржол көлігіндегі ұлттық тасымалдаушы және басқа да тасымалдаушылар.

Қайда ұсынылады: астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне.

Тапсыру мерзімі: әр айдың 25-іне дейін.

астық тоннада

Темір жол станциясының және облыстың атауы (коды)	20 ____ жылғы 1 қаңтардан бастап "___" ____ дейінгі еспелі қорытындымен				20 ____ жылғы "___" ____ бастап "___" ____ дейінгі есепті кезеңде			
	тиеп жөнелтілді экспортқа		келіп түсті республика ішінде импорт бойынша		тиеп жөнелтілді экспортқа		келіп түсті республика ішінде импорт бойынша	
	республика	импорт бойынша	республика	импорт бойынша	республика	импорт бойынша	республика	импорт бойынша
Барлығы								

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Орындаушы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Телефоны _____ 20 ____ жылғы "___" ____

Ескертпе: Астықты ішкі нарықта және экспортқа тасымалдау туралы нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада көрсетілген.

Астықты ішкі нарықта және экспортқа тасымалдау туралы нысанды ақпаратының нысанына қосымшасы

Астықты ішкі нарықта және экспортқа тасымалдау туралы нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме

- Астықты ішкі нарықта және экспортқа тасымалдау туралы толтырылған нысан: астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне ұсынылады, ұсыну мерзімі ай сайын, әр айдың 25-іне дейін.
- Астықты ішкі нарықта және экспортқа тасымалдау ақпарат нысанында:
 - нысанның 1-бағанында темір жол станциясының және облыстың атауы (коды) көрсетіледі;
 - нысанның 2-бағанында ағымдағы жылғы 1 қаңтардан бастап көрсетілген кезең бойынша астықтың экспортқа тиеп жөнелтілген саны көрсетіледі;
 - нысанның 3-бағанында ағымдағы жылғы 1 қаңтардан бастап көрсетілген кезең бойынша республика ішіндегі тиелген астықтың саны көрсетіледі;
 - нысанның 4-бағанында ағымдағы жылғы 1 қаңтардан бастап көрсетілген кезең бойынша келіп түскен импорттық астықтың саны көрсетіледі;
 - нысанның 5-бағанында ағымдағы жылғы 1 қаңтардан бастап көрсетілген кезең бойынша республикашілік тасымалдау кезінде келіп түскен астықтың саны көрсетіледі ;
 - нысанның 6-бағанында көрсетілген кезеңде экспортқа тиелген астықтың саны көрсетіледі;
 - нысанның 7-бағанында көрсетілген кезеңде республика ішінде тиелген астықтың саны көрсетіледі;
 - нысанның 8-бағанында көрсетілген кезеңде келіп түскен импорттық астықтың саны көрсетіледі;
 - нысанның 9-бағанында көрсетілген кезеңде республикашілік тасымалдау кезінде келіп түскен астықтың саны көрсетіледі.

Астық нарығының мониторингін
жүргізу қағидаларына
2-қосымша

Нысан

20 __ жылғы " " астықтың орташа нарықтық бағалары туралы ақпарат

Индексі: № 3-АОНБ.

Есепті: апталық.

Ұсынатын тұлғалар тобы: Ауыл шаруашылығы нарықтарының мониторингі саласындағы мамандандырылған үйім.

Қайда ұсынылады: астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне.

Тапсыру мерзімі: жұма сайын.

Облыстар								
Атауы	Өлшем бірлігі	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Батыс Қазақстан	Жамбыл	Карағанды

1	2	3	4	5	6	7	8	9
3-сынып бидайы	тенге/тонна							
2-сынып арпасы	тенге/тонна							

кестенің жалғасы

Облыстар									
Костанай	Қызылорда	Манғыстау	Оңтүстік Қазақстан	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Шығыс Қазақстан	Астана қаласы	Алматы қаласы	
10	11	12	13	14	15	16	17	18	

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Орындаушы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Телефоны _____ 20 ____ жылғы "____" _____

Ескертпе: Астықтың орташа нарықтық бағалары туралы ақпарат нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада көрсетілген.

Астықтың орташа нарықтық бағалары
туралы ақпаратының нысанына
қосымшасы

Астықтың орташа нарықтық бағалары туралы ақпарат нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме

1. Астықтың орташа нарықтық бағалары туралы толтырылған ақпарат астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне ұсынылады, ұсыну мерзімі апта сайын, айдың әр жұмасы.

2. Астықтың орташа нарықтық бағалары туралы ақпарат нысанында:

1) нысаның 1-бағанында астықтың атауы және сыныбы көрсетіледі;

2) нысаның 2-бағанында өлшем бірлігі көрсетіледі;

3) 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17 және 18-бағандарда облыстағы астықтың бір тоннаға бағасы теңгемен көрсетіледі.

Астық нарығының мониторингін
жүргізу қағидаларына
3-қосымша

Нысан

20 ____ жылғы "____" _____ жай-күй бойынша астық қабылдау кәсіпорындарының жүктелгендігі туралы ақпарат

Индексі: № 1-ҚКЖ

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатын тұлғалар тобы: лицензияланған астық қабылдау кәсіпорындары.

Қайда ұсынылады: астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне.

Тапсыру мерзімі: әр айдың 1-іне қарай.

№	Астық қабылдау кәсіпорнының атауы	Жалпы сыйымдылығы, мың тонна	Барлық астық, мың тонна	Астық қабылдау кәсіпорнының жүктелгендігі, %
1	2	3	4	5

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Орындаушы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Телефоны _____ 20 жылғы "_____" _____

Ескертпе: Астық қабылдау кәсіпорындарының жүктелгендігі туралы нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада көрсетілген.

Астық қабылдау кәсіпорындарының жүктелгендігі туралы ақпаратының нысанына
қосымшасы

Астық қабылдау кәсіпорындарының жүктелгендігі туралы нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме

1. Астық қабылдау кәсіпорындарының жүктелгендігі туралы толтырылған ақпарат: астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне ұсынылады, ұсыну мерзімі – ай сайын, әр айдың 1-іне дейін;
2. Астық қабылдау кәсіпорындарының жүктелгендігі туралы ақпарат нысанында:
 - 1) нысанның 1-бағанында реттік номірі көрсетіледі;
 - 2) нысанның 2-бағанында астық қабылдау кәсіпорнының атауы көрсетіледі;
 - 3) нысанның 3-бағанында астық қабылдау кәсіпорнының жалпы сыйымдылығы көрсетіледі;
 - 4) нысанның 4-бағанында көрсетілген кезеңдегі астықтың жалпы саны көрсетіледі;
 - 5) нысанның 5-бағанында көрсетілген кезеңде астық қабылдау кәсіпорнының жүктелгендігі пайызбен көрсетіледі.

Астық нарығының мониторингін жүргізу қағидаларына
4-қосымша

Нысан

20__ жылғы "__" __________ жай-күй бойынша астық қабылдау
кәсіпорнының уақытша басқаруды енгізу туралы акпарат

Індексі: 1-ЖАО.

Кезеңділігі: қажеттілігіне қарай.

Ұсынатын тұлғалар тобы: Облыстың жергілікті атқарушы органдының құрылымдық бөлімшесі.

Қайда ұсынылады: астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне.

Тапсыру мерзімі: астық қабылдау кәсіпорнының уақытша басқаруды енгізу туралы соттың шешімін қабылдау күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде.

№	Астық қабылдау көсіпорнының атавы	Жа л п ы сыйымдылығы, мың тонна	Барлық астық, мың тонна	Астық қабылдау көсіпорнының жүктелгендігі %	Сот шешімі туралы мәліметтер
1	2	3	4	5	6

Басшы _____
(қолы) (тегі, аты, экесінің аты (бар болған жағдайда))

Орындаушы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Телефоны _____ 20 ____ жылғы "_____"

Ескертпе: Астық қабылдау кесіпорнын үақытша басқа

нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанга к

Астық қабылдау кесіпорнының уақыт

Астық қабылдау кәсіпорнының уақытша
басқаруды енгізу туралы ақпаратының
нысанына
көсімшасы

Астық қабылдау кәсіпорның уақытша басқаруды енгізу туралы нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме

1. Астық қабылдау кесіпорнының уақытша басқаруды енгізу туралы толтырылған ақпарат:

астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне, ұсыну мерзімі – қажеттілігіне қарай, астық қабылдау кәсіпорнының уақытша басқаруды енгізу туралы соттың шешімін қабылдау күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсынылады, ұсыну мерзімі – ай сайын, әр айдың 1-іне дейін.

2. Астық қабылдау кәсіпорындарының жүктелгендігі туралы ақпарат нысанында:

1) нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі;

2) нысанның 2-бағанында астық қабылдау кәсіпорнының атауы көрсетіледі;

3) нысанның 3-бағанында астық қабылдау кәсіпорнының жалпы сыйымдылығы көрсетіледі;

4) нысанның 4-бағанында көрсетілген кезеңдегі астықтың жалпы саны көрсетіледі;

5) нысанның 5-бағанында көрсетілген кезеңде астық қабылдау кәсіпорнының жүктелгендігі пайызбен көрсетіледі;

6) нысанның 6-бағанында астық қабылдау кәсіпорнының уақытша басқаруды енгізу туралы сот шешімінің нөмірі мен күні, соттың атауы және сот шешімінің занды күшіне ену күні көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігінің

өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін

кейір бұйрықтарының тізбесіне

3-көсімша

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігінің

міндеттін атқарушының

2015 жылғы 16 сәуірдегі № 4-1/339

бұйрығымен бекітілген

Астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі

№	Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды	Кұжаттар тізбесі	Ескертпе
1	2	3	4
1	меншік құқығындағы астық сақтау қоймасы (элеватор, астық қабылдау пункті)	Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7586 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі 2012 жылғы 28 наурыздағы № 131 бұйрығымен бекітілген Құқықтық кадастранд ан ақпарат ұсыну қағидаларына сәйкес берілетін жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама	Көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы "Жылжымайтын мүлік тізімі" мемлекеттік деректер базасы" ақпараттық жүйесінен растайды
			Осы талапқа сәйкестікті

2	технологиялық жабдықтар: (астық тазалау машиналары, астық кептіру жабдығы), таразы жабдығы (белгіленген тәртіппен салыстырып тексерілген), тиеу-түсіру құрылғылары, көтергіш-көлік жабдығы, жылжымалы көлік жабдығы, белсенді желдегу жабдығы, астық сактауға арналған сыйымдылықтар, сактау кезінде астықтың температурасын және ылғалдылығын бақылауға арналған жабдық	Осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны	лицензиар Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 137- бабы 3 - тармағының 3) тармақшасына сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен белгілейді
3	өткізу режимі, аумақтың қоршалуы, асфальтталған аландар	Осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны	Осы талапқа сәйкестікті лицензиар Кодекстің 137- бабы 3 - тармағының 3) тармақшасына сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен белгілейді
4	өлшемдердің жай-күйін бағалаудан өткен, зертханалық жабдықпен және аспаптармен (ылғал өлшегіштермен, кептіру шкафтарымен, зертханалық таразылармен, дәнді ұнтақтауга арналған дірімдермен, елеуіштер жиынтықтарымен, сынама іріктеңіштермен, пуркалармен, акуыз құрамын, дән маңызының құрамы мен сапасын, құлау санын анықтауга арналған құрылғылармен, астықтың залалдануын анықтауга арналған оптикалық аспаптармен); астық үлгілерін сактауга арналған сөрелермен жаракталған өндірістік-технологиялық зертхана	"Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілетін өлшем құралдарының типін бекіту туралы, өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы және өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы сертификаттар	
5	тиісті білімі бар (техникалық басшылар үшін – жоғары техникалық, технологиялық немесе агрономиялық білім, мамандар үшін – орта білімнен кейінгі (техникалық, технологиялық немесе агрономиялық) білім) техникалық басшылар мен мамандардың білікті құрамы	Осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны	Осы талапқа сәйкестікті лицензиар Кодекстің 137- бабы 3 - тармағының 3) тармақшасына сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен белгілейді
			Осы талапқа сәйкестікті

6	Интернет желісіне қолжетімділік	<p>Осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны</p>	<p>лицензиар Кодекстің 137- б а б ы 3 - тармағының 3) тармақшасына сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен белгілейді</p>
---	---------------------------------	---	--

Астық қолхаттарын бере отырып,
көйма қызметі бойынша қызметтер
көрсету жөніндегі қызметке
қойылатын біліктілік талаптарына
және оларға сәйкестікті растайтын
құжаттар тізбесіне қосымша

Астық қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестік туралы мәліметтер нысаны

Астық сақтау қоймасының (элеватордың, астық қабылдау пунктінің)

атауы: _____

Құқық иеленушінің бизнес-сәйкестендіру номірі

Астық сақтау қоймасының мекенжайы және кадастрық номірі _____

Меншік иесі (құқық иеленуші) _____

Технологиялық жабдықтың болуы туралы мәліметтер

Жабдықтың атауы	Өлшем бірлігі	20__ жылғы ____ — бары —	Жай-күйі
1	2	3	4
астық кептіру жабдығы	сағатына дана /тонна		
астық сактауга арналған сыйымдылықтар	мың тонна		
астық тазалау машиналары	дана		
белсенді желдету жабдығы	дана		
жылжымалы көлік жабдығы	дана		
көтергіш-көлік жабдығы	дана		
сактау кезінде астықтың температурасын және ылғалдылығын бақылауга арналған жабдық	жиынтық		
таразы жабдығы (белгіленген тәртіппен салыстырып тексерілген)	дана		
тиеу-түсіру құрылғылары	дана		

Интернет желісіне қолжетімділік туралы мәліметтер

	Сипаттамалары	20 ____ жылғы ____ бары
1	2	3
Интернет желісіне қолжетімділік		

Өткізу режимінің, аумақтың қоршалуының, асфальтталған алаңдардың болуы туралы мәліметтер _____
 (асфальтталған алаңдар бойынша көлемдер шаршы метрмен көрсетіледі)
 Өлшем құралдарының типін бекіту туралы, өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы, өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы сертификаттардың болуы туралы мәліметтер (сертификаттарды мемлекеттік метрологиялық қызметтер немесе аккредиттелген заңды тұлғалардың метрологиялық қызметтері береді) _____

№	Күжаттың атауы	Күжаттың нөмірі	Іс-кимыл басталған күн	Іс-кимыл аяқталған күн	Метрологиялық қызметтің атауы
1	2	3	4	5	6

Астық сапасын айқындауға арналған өндірістік-техникалық зертхананың жарамды жабдықпен және аспаптармен жарақталуы туралы мәліметтер

Объект	Өлшем бірлігі	20 ____ жылғы _____ бары
1	2	3
Ақуыз құрамын анықтауға арналған құрылғылар	дана	
Пуркалар	дана	
Астық ұлғілерін сактауға арналған сөрелер	дана	
Астықтың закымданғанын анықтауға арналған оптикалық аспаптар	дана	
Дән маңызының құрамы мен сапасын анықтауға арналған құрылғылар	дана	
Дәнді ұнтақтауға арналған дірмендер	дана	
Елеуіштер жиынтықтары	дана	
Зертханалық таразылар	дана	
Кептіргіш шкафтар	дана	
Құлау санын анықтауға арналған құрылғылар	дана	
Сынама іріктештер	дана	
Ұлғал өлшегіштер	дана	

Техникалық басшылар мен мамандардың білікті құрамының болуы

туралы мәліметтер

№	Маманың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)	Лауазымы	Білімі бойынша мамандығы	Мамандығы бойынша жұмыс өтілі
1	2	3	4	5

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігінің
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін
кейір бұйрықтарының тізбесіне
4-косымша

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігінің
міндеттін атқарушының
2015 жылғы 28 шілдедегі
№ 4-1/699 бұйрығымен
бекітілген

Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық

тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағида) "Астық туралы" 2001 жылғы 19 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 12) тармақшасына сәйкес әзірленген және астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізудің тәртібін, астық қолхаттарының шығарылу, айналымы және өтелуі, сондай-ақ астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне рұқсат берудің тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидада келесі негізгі түсініктемелер, анықтамалар және қысқартулар пайдаланылады:

1) ақпараттық жүйенің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – Интернетте www.minagro.kz мекенжайы бойынша орналастырылған, осы тізілімге қолжеткізудің бірыңғай нүктесін көрсететін интернет-ресурс;

2) астық иесі – астық қабылдау кәсіпорнына астықты сақтауға берген жеке немесе занды тұлға;

3) астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – уақыттың нақты сәтіне астық қолхаттарын ұстаушыларды сәйкестендіруді, астық қолхаттарымен мәмілелерді тіркеуді қамтамасыз ететін астық қолхаттары және оларды ұстаушылар туралы мәліметтердің жиынтығы, сондай-ақ олардың өтінішіне немесе олар бойынша құқықты іске асыруға тіркелген шектеулердің сипаттамасы және ақпараттық жүйеде көрсетілген басқа да мәліметтер;

4) астық қолхаттарының ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) – астық қолхаттары және оларды ұстаушылар бойынша ақпараттарды сақтауға, өндөуге, іздеуге

, таратуға, беруге және ұсынуға арналған тізілімді жүргізу дің автоматтандырылған жүйесі;

5) астық қолхаты – астықтың нақты көлеміне құқық меншігін растайтын эмиссияға жатпайтын құжатсыз құнды қағаз түріндегі қойма қуәлігі;

6) астық қолхатын тіркеуші – (бұдан әрі – тіркеуші) – Қазақстан Республикасының Үкіметімен айқындалатын құнды қағаздар нарығында жұмыс тәжірибесі бар жарғылық капиталына мемлекет қатысатын занды тұлға;

7) астық қолхатын ұстаушы – астық қолхаты бойынша құқыққа ие тізілімде тіркелген адам;

8) бұйрық – астық қолхатын ұстаушының меншігіндегі астыққа қатысты нақты іс-қимылды жүзеге асырылуын көрсете отырып тізілімде астық қабылдау кәсіпорынымен немесе астық қолхатын ұстаушымен қалыптастырылатын, ұлттық қуәландыруши орталық берген электрондық цифрлық қолтаңба қойылатын электрондық құжат;

9) дербес шот – мәмлені тіркеу және астық қолхаты бойынша құқықты есепке алу мақсатында тіркелген адамды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін тізілімде көрсетілген жазбалар жиынтығы;

10) дербес шоттан көшірме – уақыттың нақты сәтіне астық қолхаты бойынша тіркелген адамның құқығын растайтын және ақпараттық жүйеде тіркеушімен қалыптастырылатын құнды қағаз болып табылмайтын электрондық құжат;

11) кепіл ұстаушы – астық қолхаты бойынша кепілі туралы шартпен (бұдан әрі – кепіл шарты) көзделген міндеттемеде астықты кепілге ұстаушы болып табылатын адам;

12) клиент – тіркеушінің қызметін пайдаланатын немесе пайдалануға ниеті бар адам ;

13) өкілетті орган – өз құзыреті шегінде астық нарығына қатысуышылардың қызметтерін үйлестіруді және реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

14) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – ЭЦК құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнның өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2-тaraу. Тізілімді қалыптастыру және жүргізу тәртібі

3. Тізілімді ақпараттық жүйемен ықпалдастыру үшін ведомстволық ақпараттық жүйелерге қолжетімділікті ұйымдастыру жолымен тізілімге құқық және жер кадастрларының деректері, рұқсаттар мен хабарламалар, жеке және занды тұлғаларды тіркеу, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы орталық атқарушы органдардың, басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының мәліметтері негізінде тіркеуші қалыптастырады және жүргізеді, атап айтқанда:

1) астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтерді жүзеге асыруға лицензиясы (бұдан әрі – лицензия) бар занды тұлғаларға қатысты – рұқсаттар мен ескертулер саласында басқаруды және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

2) астық қабылдау кәсіпорындары, қаржылық есептіліктің депозитарийіне ұсынатын ақпаратқа қатысты – бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы қызметті реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

3) астық қабылдау кәсіпорындарына тіркелген жылжымайтын объектілерге қатысты – жылжымайтын мүлікті мемлекеттік тіркеу және мемлекеттік техникалық тексеру саласындағы мемлекеттік саясатты және мемлекеттік реттеуді жүргізуі жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4) астық қабылдау кәсіпорындарына тіркелген жер учаскелеріне қатысты – жер қатынастары саласында реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

5) тізілімде тіркелген занды тұлғаларға, филиалдары мен өкілдіктеріне қатысты – занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

6) тізілімде тіркелген жеке тұлғаларға қатысты – сәйкестендіру номірлерін қалыптастыруды және сәйкестендіру номірлерінің ұлттық тізбесін жүргізуі жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

4. Тізілімге берілетін деректердің нысанын, көлемі мен кезеңділігін өкілетті органдар белгілейді. Тізілімнің деректерін өзектендіруді тіркеуші астық қабылдау кәсіпорындары және клиенттер бойынша шынайы және дәл ақпаратты көрсетуге мүмкіндік беретін жаңарту, толықтыру, өзгерту және басқа да әрекеттер арқылы жүзеге асырады.

5. Тіркеуші үш жұмыс күнінен кешіктірмей тізілімнің жұмысында жоспарланған техникалық үзілістер туралы өкілетті органды хабардар етеді, ол туралы ақпаратты веб-порталға орналастырады.

6. Орталық және жергілікті атқарушы органдар тіркеушінің жазбаша сұранымы бойынша тізілімнің деректерін өзектендіру және айқындау үшін сұратылған деректерді береді.

3-тaraу. Астық қолхаттарын шығару, айналымы және өтеу тәртібі

7. Тізілімде операциялардың келесі түрлері тіркеледі:

- 1) ауқымды операциялар;
- 2) дербес шот бойынша операциялар;
- 3) астық қолхаттарымен операциялар;
- 4) ақпараттық операциялар.

8. Ауқымды операцияларға:

1) астық қоймасын тіркеу (тізілімде операциялар жүргізуге уәкілетті астық қабылдау кәсіпорнының бірінші басшысы және бас бухгалтері, сондай-ақ облыстың жергілікті атқарушы органы тіркеушіге ұсынған астық қабылдау кәсіпорындарының зерттеу актісіне сәйкес астық қоймасының техникалық сыйымдылығы және астық қолхаттарының барынша шығарылатын көлемі туралы мәліметтерін көрсете отырып);

2) астық қоймасының деректерін өзгерту (оның ішінде астық қоймасының техникалық сыйымдылығын және астық қолхаттарының барынша шығарылатын көлемін өзгерте отырып);

3) астық қоймасын оқшаулау/оқшаулаудан шығару (астық қабылдау кәсіпорыны лицензиясының қолданысын тоқтата тұру/қалпына келтірумен, облыстың жергілікті атқарушы органының сотқа астық қабылдау кәсіпорына уақытша басқаруды енгізу туралы өтініш беруімен, астық қабылдау кәсіпорын жою туралы шешім қабылдаумен байланысты, оның ішінде астық қабылдау кәсіпорнын банкрот деп танумен байланысты);

4) астық қолхаттарының күшін жою (астық қабылдау кәсіпорны лицензиясының қолданысын тоқтатумен, астық қабылдау кәсіпорнын жоюмен байланысты) жатады.

Ауқымды операцияларды тіркеуші тізілімде мәліметтердің, оның ішінде облыстардың жергілікті атқарушы органдарынан және астық қабылдау кәсіпорындарынан, сондай-ақ осы Қағидалардың 3-тармағына сәйкес тізілімге берілетін деректердің негізінде тіркейді.

Астық қабылдау кәсіпорны бір жұмыс күні ішінде ғаламдық операцияны жүргізу үшін астық қабылдау кәсіпорнының атынан тізілімде операцияларын жүргізуге уәкілетті бірінші басшыны және/немесе бас бухгалтерді тағайындау (сайлау) немесе жұмыстан шығару (өкілеттіктерін тоқтату) туралы бұйрығын тіркеушіге ұсынады.

9. Дербес шот бойынша операцияларға:

- 1) дербес шотын ашу;
- 2) дербес шоттың деректерін өзгерту;
- 3) дербес шотын оқшаулау/оқшаулаудан шығару;
- 4) дербес шотын жабу жатады.

10. Дербес шотын ашу үшін клиенттер ішкі веб-порталда (бұдан әрі – Жеке кабинет) төмендегілерді:

1) жеке тұлғалар және жеке кәсіпкерлер үшін: жеке сәйкестендіру номірін (бұдан әрі – ЖСН) және тегін, аты мен әкесінің атын (бар болса);

2) занды тұлғалар үшін: бизнес-сәйкестендіру номірін (бұдан әрі – БСН), толық атауын, тегін, аты мен әкесінің атын (ол бар болса), бірінші басшының ЖСН;

3) байланыс деректерін (пошталық мекенжайы, телефон, электрондық мекенжайы).

4) тіркеушімен өзара есептерін жүзеге асыру үшін екінші деңгейлі банкте банктік есебінің деректемелерін көрсете отырып өздігінен тіркеледі.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде клиент бір жұмыс күні ішінде Жеке кабинетке енгізілген дербес шотының деректерін өзгертеді.

11. Клиенттің дербес шотын бұғаттау жөніндегі операцияны тіркеуші:

1) "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасында азаматтың қайтыс болғаны туралы мәліметтер (оны қайтыс болды, әрекетке қабілетсіз немесе қабілет әрекеті шектелген, хабарсыз кеткен деп тану туралы хабарлама) болғанда;

2) "Занды тұлғалар" мемлекеттік деректер базасында занды тұлғаның жойылғаны туралы мәлімет болғанда;

3) "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Занының 65-бабының талаптарын ескере отырып Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес (құнды қағаздарға қамау жариялау туралы) осындей құқықтары бар мемлекеттік органдар актілерінің негізінде;

4) тіркеушінің қызметі төленбеген және осыған байланысты клиент пен тіркеушінің арасында жасалған ақылы электрондық қызмет көрсетуге электронды шарттың (бұдан әрі – шарт) әрекеті тоқтатылған кезде тіркейді.

Дербес шотты бұғаттау бойынша операцияны тіркеуші клиентпен шарттың қолданысын қалпына келтірген кезде және мемлекеттік органдың Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес осындей құқығы бар актісінің (құнды қағазды қамаудан босату туралы) негізінде тіркейді.

12. Клиенттің дербес шотын жабу туралы операцияны тіркеуші:

1) "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасында азаматтың қайтыс болғаны туралы мәлімет (оны қайтыс болды әрекетке қабілетсіз немесе қабілет әрекеті шектелген, хабарсыз кеткен деп тану туралы хабарлама) болғанда;

2) "Занды тұлғалар" мемлекеттік базасы деректерінде занды тұлғаның жойылғаны туралы мәлімет бар болғанда;

3) он сегіз ай ішінде астық қолхаттарының дербес шотында болмаған кезде тіркейді.

13. Астық қолхаттарымен операцияларға:

1) астық қолхатын шығару;

2) астық қолхатын өтеу;

3) астық қолхатын бөлу;

4) астық қолхаттарын біріктіру;

5) астық қолхатын сату/сатып алу;

6) астық қолхатын есепке қосу/есептен шығару;

7) астық қолхатын кепілге беру/алу;

8) астық қолхатын кепілден алу/қайтару;

9) астық қолхаты бойынша сауда-саттық жүргізу туралы хабарлама;

10) астық қолхатының деректерін өзгерту.

11) астық қолхатын бұғаттау/бұғаттаудан шығару жатады.

14. Астық қолхаты астықтың сапасы бойынша әрбір партиясына біркелкі шығарылады. Тапсырылған барлық астық көлеміне шығарылатын астық қолхаттарының саны астық қолхатын шығаруға арналған бұйрықта анықталады.

Астық қолхатын шығару Жеке кабинетте келесі тәртіпте жүргізіледі:

1) астық иесінен астық қабылданған күннен бастап үш күнтізбелік күннен кеш емес мерзімде астық қабылдау кәсіпорыны астық қолхатын шығаруға арналған бұйрықты тіркейді, бұйрыққа осы Қағидалардың 16-тармағы 2) - 6) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер және иесінен астықты қабылдаған күн енгізіледі. Бұйрық сақталғаннан кейін оның мәртебесі ақпараттық жүйеде "Келісілмеген" деп өзгертиледі;

2) "Келісілмеген" деген мәртебесімен сақталған бұйрықты астық қабылдау кәсіпорыны астық иесіне келісу үшін жібереді, ақпараттық жүйеде бұйрықтың мәртебесі "Келісілуде" деп өзгертиледі;

3) "Келісілуде" мәртебесіндегі бұйрық Жеке кабинетте астық иесіне:

- не бұйрықты келісу үшін (акпараттық жүйеде бұйрықтың мәртебесі "Келісілген" деп өзгертиледі);

- не астық қабылдау кәсіпорнымен бұйрыққа енгізілген мәліметтер бойынша ескертулер беру үшін (акпараттық жүйеде бұйрықтың мәртебесі "Қайтадан пысықтауға жіберілді" деп өзгертиледі) қол жетімді болады;

4) "Қайтадан пысықтауға жіберілді" деген мәртебесі бар бұйрық бойынша астық қабылдау кәсіпорыны:

- не астық иесінің ескертулері бойынша бұйрықтың деректерін өзгерти (акпараттық жүйеде бұйрықтың мәртебесі "Келісілуде" деп өзгертиледі);

- не өзінің дәлелдерін көрсете отырып астық иесінің ескертулері бойынша бұйрықтың деректерін өзгертпейді (акпараттық жүйеде бұйрықтың мәртебесі "Келісілуде" деп өзгертиледі);

- не иесінен астық қабылдаған күннен бастап үш күнтізбелік күннен кешіктірмей астықты иесіне қайтаруды қамтамасыз ете отырып, бұйрықты бұзады (акпараттық жүйеде бұйрықтың мәртебесі "Бұзылды" деп өзгертиледі);

5) "Келісілген" деген мәртебесі бар бұйрық бойынша астық қабылдау кәсіпорыны бұйрыққа енгізілген мәліметтермен келісетінін растайды және ақпараттық жүйеде бұйрықтың мәртебесі "Қол қойылуда" деп өзгертиледі;

6) "Қол қойылуда" деген мәртебесі бар бұйрық бойынша клиенттердің ЭЦҚ пайдалана отырып бұйрыққа қол қою жүзеге асырылады;

7) астық иесінің және астық қабылдау кәсіпорының (бірінші басшысымен және бас бухгалтермен) ЭЦҚ бұйрыққа қол қойылғаннан кейін ақпараттық жүйеде бұйрықтың мәртебесі "Қол қойылды" деп өзгертиледі, ал тізілімдегі астық қолхаты:

- осы Қағидалардың 16-тармағы 1) және 7) тармақшаларында көрсетілген мәліметтерді көрсете отырып шығарылады;

- астық қолхатын ұстаушының дербес шотында "Белсенді" мәртебесі көрсетіледі.

Клиенттермен астық қолхаттары бойынша операциялар жүргізу кезінде астық қабылдау кәсіпорны мен астық иесінде жасалған астықты сақтаудың шарты бойынша құқығы мен міндеттері және осыған сәйкес шығарылған осы астық қолхаты клиентке бір уақытта астық қолхаты бойынша құқық астық қолхатында көрсетілген көлемдегі астыққа беріледі.

15. Астық қабылдау кәсіпорны иесінен астық қабылданған күннен бастап үш күнтізбелік күннен кеш емес мерзімде астықты иесіне қайтаруды қамтамасыз етеді:

1) егер клиенттің біреуі ЭЦҚ пайдалана отырып, бұйрыққа қол қойылғанға дейін бұйрықтың күшін жойса (ақпараттық жүйеде бұйрықтың мэртебесі "Күшін жойды" деп өзгертіледі);

2) егер бұйрықтың сақталған күнінен бастап үш күнтізбелік күн өткен соң астық иесі және астық қабылдау кәсіпорны (бірінші басшы және бас бухгалтер) ЭЦҚ пайдалана отырып бұйрыққа қол қоймаған болса, онда ақпараттық жүйеде бұйрықтың мэртебесі "Күші жойылған" деп өзгертіледі.

16. Астық қолхатында келесі міндетті деректемелер болады:

1) астық қолхатының нөмірі;

2) астықты сақтауға қабылдаған астық қабылдау кәсіпорнының атауы, орналасқан жері және БСН;

3) занды тұлғаның атауы, орналасқан жері, БСН немесе астықты сақтауға тапсырған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, (бар болса), тұратын жері, ЖСН, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі;

4) занды тұлғаның атауы, орналасқан жері, БСН немесе кепіл ұстаушы (астық қолхаты бойынша астық кепілде болған кезде) болып табылатын жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, (бар болса), тұратын жері, ЖСН, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі;

5) астықтың түрі, оның сандық және сапалық сипаттамалары;

6) астық сақтау бойынша қызметтерге төлем жүргізілгенге дейінгі күн;

7) астық қолхатын шығару күні.

17. Сондай-ақ, астық қолхатының басқа да белгілері бар:

1) тіркеушінің атауы, оның мекенжайы және телефон нөмірі;

2) астық қолхатының мэртебесі ("Жойылды", "Бөлінген", "Шоғырланған", "Сатылған", "Есептен шығарылған", "Сатуда", "Электрондық сатуда", "Сату болды", "Белсенді", "Кепілде");

3) кепіл шарты бойынша мәлімет ("Кепілде" мэртебесімен астық қолхаты бойынша)

;

4) астық қолхатын бұғаттау ("Бұғатталған", "Ерікті") және оны бұғаттау үшін негіздеме бойынша мәлімет.

18. Астық қолхатын ұстаушы немесе кепіл ұстаушы (кепілге салынған астықты сауда-саттықта өткізген, осы Қағидалардың 27-тармағына сәйкес электрондық

сауда-саттықты қоспағанда) астықты талап ету үшін астық қабылдау кәсіпорны орналасқан жерге өзі келеді немесе уәкілетті өкілін жібереді.

Астық қолхатын өтеу Жеке кабинетте келесі тәртіpte жүргізіледі:

1) астық қолхатын ұстаушы немесе кепіл ұстаушы астық қолхатын өтеуге бұйрықты тіркейді. Бұйрық сақталғаннан және оған астық қолхатын ұстаушы немесе кепіл ұстаушы ЭЦҚ қойылғаннан кейін ақпараттық жүйедегі бұйрықтың мәртебесі "Келісуде" деп өзгертиледі және астық қабылдау кәсіпорнындағы Жеке кабинетте қолжетімді болады.

Астық қолхатын ұстаушының немесе кепіл ұстаушының оған астық қолхаты бойынша астықты бергенге дейін бұйрықтың күшін жоюына жол беріледі (ақпараттық жүйедегі бұйрықтың мәртебесі "Күші жойылды" деп өзгертиледі);

2) астық қолхаты бойынша астық берілгеннен және астық қабылдау кәсіпорныны бұйрыққа астықтың берілген күні туралы мәлімет енгізгеннен кейін бұйрыққа астық қабылдау кәсіпорнының (бірінші басшы және бас бухгалтер) ЭЦҚ қойылады. Бұл ретте ақпараттық жүйедегі бұйрықтың мәртебесі "Кол қойылды" деп өзгертиледі, ал астық қолхатының тізілімінде астық қолхатын ұстаушының дербес шотында "Өтелді" мәртебесімен көрсетіледі.

Егер бұйрық сақталған күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде клиенттердің ЭЦҚ пайдалана отырып қол қойылмаған болса, онда ақпараттық жүйеде бұйрықтың мәртебесі "Күші жойылды" деп өзгертиледі.

19. Астық қолхатын ұстаушы немесе кепіл ұстаушы бұйрықты сақтаған күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде астық қабылдау кәсіпорны астықты сақтау шартының талаптарына сәйкес астық қолхаты бойынша астықты беруді, Заңың 31-бабында көрсетілген жағдайларды қоспағанда және осы астық қолхаты бойынша астық сақтау үшін берешек болмағанда қамтамасыз етеді.

20. Астық қолхатын ұстаушының Жеке кабинетінде астық қол хатын бөлу бұйрықтың негізінде жүргізіледі, онда астықтың сандық сипаттамасы көрсетіледі, сомалық көлемі астық қолхаты бойынша астық көлеміне тең болуға тиіс.

Бұйрыққа астық қолхатын ұстаушының ЭЦҚ қойылғаннан кейін, тізілімде:

1) жаңа астық қолхаттары шығарылады және "Белсенді" мәртебесімен астық қолхатын ұстаушының дербес шотында көрсетіледі;

2) ұстаушының өзі бөлген астық қолхатының күші жойылады және астық қолхатын ұстаушының дербес шотында оның мәртебесі "Бөлінді" деп көрсетіледі.

21. Астық қолхатын ұстаушының жеке кабинетіндегі астық қолхаттарын біріктіру бұйрықтың негізінде жүргізіледі, онда астық қолхаттары көрсетіледі, олар бойынша астықтың сапалық сипаттамасы, сондай-ақ астықты сақтау жөніндегі қызметке жүргізілген төлем күні сәйкес келеді.

Бұйрыққа астық қолхатын ұстаушының ЭЦҚ қойылғаннан кейін тізілімде:

1) жаңа астық қолхаттары шығарылады және "Белсенді" мәртебесімен астық қолхатын ұстаушының дербес шотында көрсетіледі;

2) ұстаушысы біріктіруді жүргізген астық қолхаты жойылады және астық қолхатын ұстаушының дербес шотында оның мәртебесі "Біріктірілді" деп көрсетіледі.

22. Астық қолхатын сату/сатып алу жеке кабинетте келесі тәртіpte жүргізіледі:

1) астық қолхатын ұстаушы бұйрықта сатып алушы клиенттің ЖСН/БСН және астық қолхатын сату құнын көрсете отырып, астық қолхатын сатуға/сатып алуға бұйрықты тіркейді. Астық қолхатын ұстаушының "Төлемге қарсы жеткізу" опциясын пайдалануына жол беріледі, осыған сәйкес тіркеуші астық қолхаты мен ақша аударымдары жүйелері арасындағы байланысты қамтамасыз етеді, ал операциялар тек қана сатып алушы клиент төлемді жүзеге асырған жағдайда ғана жүргізіледі.

Бұйрық сақталған және оны астық қолхатын ұстаушының ЭЦҚ қол қойылғаннан кейін, ақпараттық жүйеде бұйрықтың мәртебесі "Қол қойылуда" деп өзгертиледі және сатып алушы клиенттің Жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Астық қолхатын ұстаушының сатып алушы клиенттің ЭЦҚ-сы қойылғанға дейін бұйрықтың күшін жоюына жол беріледі;

2) "Қол қойылуда" деген мәртебесі бар бұйрық бойынша сатып алушы клиенттің ЭЦҚ пайдалана отырып бұйрыққа қол қою жүзеге асырылады (астық қолхатын ұстаушы "Төлемге қарсы жеткізу" опциясын пайдалану кезінде астық қолхатына жүргізілген төлем туралы мәліметті бұйрыққа енгізе отырып).

Бұл ретте ақпараттық жүйедегі бұйрықтың мәртебесі "Қол қойылды" деп өзгертиледі, ал тізілімде астық қолхаты дербес шотында көрсетіледі:

- астық қолхатын ұстаушыда "Сатылды" мәртебесімен ("Төлемге қарсы жеткізу" опциясын пайдалану кезінде сату бағасын тіркеуші Жеке кабинетінде көрсетілген астық қолхатын ұстаушының есеп айырысу шотына сатып алушы клиент бұйрыққа қол қойған күннен бастап екі күн ішінде аударады);

- сатып алушы клиентте "Белсенді" мәртебесімен.

Егер бұйрық сақталған күннен бастап үш күндік мерзімде клиенттер ЭЦҚ пайдалана отырып бұйрыққа қол қойылмаса, онда ақпараттық жүйеде бұйрықтың мәртебесі "Бұзылды" деп көрсетіледі.

23. Астық қолхатын есепке алу/есептен шығару клиент-жеке тұлғаның мұрагерлігімен клиент-занды тұлғаның жойылуы кезінде астық қолхаттарына меншік құқығы өткенде, клиент-сатып алушыға немесе осы Қағидалардың 27-тармағында көрсетілген электрондық сауда-саттық жеңімпазына астық қолхатын беру туралы занды күшіне енген сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады және Жеке кабинетте келесі тәртіpte жүргізіледі:

1) клиент-астық қолхатын алушы астық қолхатын есепке алу/есептен шығаруға бұйрықты тіркейді, бұйрықта:

- астық қолхатын ұстаушының ЖСН/БСН, астық қолхатының нөмірін және астық қолхаты үшін жүргізілген төлем туралы мәлімет (электрондық сауда-саттықтың женімпазы толтырады);

- бұйрыққа "Acrobat Reader" электрондық форматтағы құжаттарды (тіркеушіге астық қолхатын ұстаушының жеке шотынан астық қолхатын есептен шығаруға мүмкіндік беретін, соның ішінде мұрагерлік құқығы туралы күелікті; занды тұлғаның жойылуын растайтын құжаттарды; клиентке-сатып алушыға астық қолхатын беру туралы сот шешімін; осы Қағидалардың 27-тармағында көрсетілген саудалар нәтижелері туралы хаттаманы) тіркей отырып операцияларды жүргізуге негіздеме көрсетіледі.

Бұйрық сақталғаннан және оған клиент-сатып алушының ЭЦК қойылғаннан кейін, ақпараттық жүйеде бұйрықтың мәртебесі "Қол қойылуда" деп өзгертиледі және тіркеушінің Жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Клиент-сатып алушының бұйрыққа тіркеушінің ЭЦК-сы қойылғанға дейін бұйрықтың күшін жоюына жол беріледі;

2) "Қол қойылуда" деген мәртебесі бар бұйрық бойынша тіркеушінің ЭЦК пайдалана отырып, бұйрыққа қол қою жүзеге асырылады. Бұл ретте ақпараттық жүйеде бұйрықтың мәртебесі "Қол қойылды" деп өзгертиледі, ал тізілімде астық қолхаты дербес шотта:

- астық қолхатын ұстаушыда "Есептен шығарылды" мәртебесімен;
- клиент-сатып алушыда "Белсенді" мәртебесімен көрсетіледі.

Егер бұйрыққа сақталған күнінен бастап үш күнтізбелік күн ішінде тіркеушінің ЭЦК пайдалана отырып қол қойылмаған болса, онда ақпараттық жүйеде бұйрықтың мәртебесі "Жойылды" деп өзгертиледі.

24. Астық қолхатын кепілге беру/қабылдау Жеке кабинетте келесі тәртіпте іске асырылады:

1) астық қолхатын ұстаушы астық қолхатын кепілге беруге/қабылдауға бұйрықты тіркейді, бұйрықта:

- кепіл ұстаушының ЖСН/БСН;
- бұйрыққа "Acrobat Reader" электрондық форматтағы кепіл шартын тіркей отырып (кепіл шартының нөмірі және күні, кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің мәні, оның көлемі, орындау мерзімі) кепіл шарты бойынша мәлімет көрсетіледі.

Бұйрық сақталған және оны астық қолхатын ұстаушының ЭЦК қол қойылғаннан кейін бұйрықтың мәртебесі ақпараттық жүйеде "Қол қойылуда" деп өзгертиледі және кепіл ұстаушының Жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Астық қолхатын ұстаушының бұйрыққа кепіл ұстаушының ЭЦК-сы қойылғанға дейін бұйрықтың күшін жоюына жол беріледі;

2) "Қол қойылуда" мәртебесі бар бұйрық бойынша кепіл ұстаушының ЭЦК пайдалана отырып бұйрыққа қол қою жүзеге асырылады. Бұл ретте бұйрықтың

мәртебесі ақпараттық жүйеде "Қол қойылған" деп өзгертіледі, ал тізілімде астық қолхаты астық қолхатын ұстаушының және кепіл ұстаушының дербес шоттарында "Кепілде" мәртебесімен көрсетіледі.

Егер сақталған күннен бастап күнтізбелік үш күн өткен соң клиенттердің ЭЦҚ пайдалана отырып бұйрыққа қол қойылмаса, онда бұйрықтың мәртебесі ақпараттық жүйеде "Жойылды" деп өзгертіледі.

25. Астық қолхатын кепілден қайтару/қабылдау астық қолхатын ұстаушы кепіл ұстаушының (несие берушінің) алдындағы міндеттемелер көлеміндегі қарызын өтеген кезде жүзеге асырылады және Жеке кабинетте келесі тәртіpte жүргізіледі:

1) кепіл ұстаушы бұйрықта астық қолхатын ұстаушының ЖСН/БСН көрсете отырып астық қолхатын кепілден қайтару/қабылдау бойынша бұйрықты тіркейді. Бұйрық сақталғаннан және оны кепіл ұстаушының ЭЦҚ қойылған кейін бұйрықтың мәртебесі ақпараттық жүйеде "Қол қойылуда" деп өзгертіледі және астық қолхатын ұстаушының Жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Кепіл ұстаушының бұйрыққа астық қолхатын ұстаушының ЭЦҚ-сы қойылғанға дейін бұйрықтың күшін жоюына жол беріледі;

2) "Қол қойылуда" мәртебесі бар бұйрық бойынша бұйрыққа қол қою кепіл ұстаушының ЭЦҚ пайдалана отырып іске асырылады. Бұл ретте бұйрықтың мәртебесі ақпараттық жүйеде "Қол қойылған" деп өзгертіледі, ал астық қолхаты тізілімінде:

- астық қолхатын ұстаушының дербес шотында "Белсенді" деген мәртебесімен көрсетіледі.

- кепіл ұстаушының дербес шотында көрсетілмейді;

Егер сақталған күннен бастап күнтізбелік үш күн өткен соң клиенттердің ЭЦҚ пайдалана отырып бұйрыққа қол қойылмаса, онда бұйрықтың мәртебесі ақпараттық жүйеде "Жойылды" деп өзгертіледі.

26. Астық қолхаты бойынша астыққа кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеме орындалмаған немесе тиісті түрде орындалмаған жағдайда кепіл ұстаушының астық бойынша төлемді өндіріп алуына жол беріледі.

Бұл ретте кепіл ұстаушы кепіл берушіге (астық қолхатын ұстаушыға) кепіл туралы шартта көзделген міндеттемелердің орындалмағаны туралы хабарлама жасайды және бір уақытта веб-портал мен бұқаралық ақпарат құралдарында осы Қағидалардың 27-тармағында көрсетілген сауда-саттықты жүргізу туралы хабарлама жарияланды.

27. Астық қолхаты бойынша сауда-саттық жүргізу туралы хабарлама кепіл ұстаушының (астық қолхаты бойынша астық кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелер орындалмаған немесе дұрыс орындалмаған жағдайда) немесе астық қолхатын ұстаушының Жеке кабинетінде келесі тәртіpte жарияланады:

1) сауда-саттық жүргізілген күнге дейін күнтізбелік он бес күннен кеш емес мерзімде клиент бұйрықты тіркейді, оған сауда-саттық туралы мәліметтерді (сауда-саттықты өткізу уақыты, орны, сауданың мәні, оны өткізу тәртібі, саудаға

қатысады рәсімдеу және астық қолхатының бастапқы бағасы туралы) енгізеді және бұйрыққа осы Қағидалардың 26-тармағында көрсетілген "Acrobat Reader" электрондық форматтағы кепіл ұстаушыға арналған хабарламаны тіркейді.

Клиенттің "Электрондық саудаға қойылсын" опциясын пайдалануына жол беріледі, оған сәйкес тіркеуші белгілеген мемлекеттік мүлік тізілімінің www.gosreestr.kz веб-порталында Мүлікті сату бойынша электрондық сауда-саттықты жүргізу регламентіне сәйкес тіркеуші астық қолхаттарын электрондық сауда-саттыққа (бағаны көтеру әдісімен аукционда немесе тендерде) қоюды қамтамасыз етеді.

Бұйрықты сақтағаннан және оған клиенттің ЭЦҚ қойылғаннан кейін ақпараттық жүйеде бұйрықтың мәртебесі "Қол қойылуда" деп өзгертуледі және тіркеушінің Жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Клиенттің бұйрыққа тіркеушінің ЭЦҚ-сы қойылғанға дейін бұйрықтың күшін жоюына жол беріледі;

2) "Қол қойылуда" деген мәртебесі бар бұйрық бойынша тіркеушінің ЭЦҚ пайдалана отырып бұйрыққа қол қою жүзеге асырылады. Бұл ретте ақпараттық жүйедегі бұйрықтың мәртебесі "Қол қойылды" деп өзгереді, астық қолхатын ұстаушының Жеке кабинетінде көрсетілген мекенжайға астық қолхаты бойынша сауда-саттық жүргізілген туралы хабарламаның веб- порталда жарияланғаны туралы электрондық хабарлама жіберіледі. Тізілімде астық қолхаты оны ұстаушының дербес шотында "Сауда-саттықта" немесе "Электрондық сауда-саттықта" (сауда-саттықта жүргізу күніне дейінгі кезеңде) деген мәртебесімен көрсетіледі.

Егер сақталған күнінен бастап күнтізбелік үш күн өткен соң клиенттердің ЭЦҚ пайдалана отырып бұйрыққа қол қойылмаса, онда бұйрықтың мәртебесі ақпараттық жүйеде "Жойылды" деп өзгертиледі.

3) тіркеуші астық қолхатының сатып алушыға сатылуын қамтамасыз етеді, егер электрондық сауда-саттықты жүргізу нәтижесінде женімпаз анықталса; онда

- сауда-саттықты жүргізу күнінде оның нәтижелері туралы хаттамаға женімпаздың қол қоюы;

- Жеке кабинетте көрсетілген астық қолхатын сатушының жеке шотына сауда-саттықты жүргізген күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде женімпаздың астық қолхатының бастапқы бағасынан он бес пайыз көлеміндегі кепілді жарнасын аудару;

- Жеке кабинетте көрсетілген астық қолхатын сатушының жеке шотына осы Қағидалардың 23-тармағында көрсетілген астық қолхатын есепке алуға/есептен шығаруға арналған бұйрыққа женімпаз қол қойған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде (бірақ сауда-саттықты жүргізген күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кеш емес) сату бағасын (кеңілді жарнаны шегерумен) аудару;

- осы Қағидалардың 23-тармағында көрсетілген астық қолхатын есепке алуға/есептен шығаруға арналған бұйрыққа (бірақ сауданы өткізу күнінен бастап отыз күнтізбелік күннен кеш емес) тіркеушінің ЭЦҚ пайдалана отырып қол қою жүргізіледі.

Бұл ретте тізілімде астық қолхаты:

- "Сауда-саттық болды" (сауда-саттық жүргізілген күннен бастап және жеңімпаз бен тіркеуші астық қолхатын есепке алуға/есептен шыгаруға арналған бұйрыққа қол қойғанға дейін) деген мәртебесімен астық қолхатын ұстаушының;
- "Сатылды" (жеңімпаз бен тіркеуші астық қолхатын есепке алуға/есептен шыгаруға арналған бұйрыққа қол қойғаннан кейін) мәртебесімен астық қолхатын ұстаушының;
- (электрондық сауда-саттық жеңімпазы) "Белсенді" мәртебесімен сатып алушының дербес шотында көрінеді;

4) егер астық қолхатын есепке алуға/есептен шыгаруға арналған бұйрыққа тіркеуші сауданы өткізген күннен бастап отыз үш күнтізбелік күн ішінде қол қоймаса, астық қолхаты тізілімде астық қолхатын ұстаушының дербес шотында "Белсенді" мәртебесімен көрінеді.

28. Астық қолхатының деректерін өзгерту Жеке кабинетте келесі тәртіпте жүргізіледі:

1) астық қолхатын ұстаушыдан астық сақтау қызметі үшін төлем түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде астық қабылдау кәсіпорныны астық қолхатының деректерін өзгертуге бұйрықты тіркейді, бұйрықта астық сақтау қызметі үшін төлем жүргізгенге дейінгі күні көрсетіледі.

Бұйрық сақталғаннан және оған астық сақтау кәсіпорнының (бірінші басшы және бас бухгалтер) ЭЦҚ қойылғаннан кейін ақпараттық жүйеде бұйрықтың мәртебесі "Қол қойылуда" деп өзгереді және астық қолхатын ұстаушының Жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Астық қабылдау кәсіпорнының астық қолхатын ұстаушының ЭЦҚ-сы қойылғанға дейін бұйрықтың күшін жоюына жол беріледі;

2) "Қол қойылуда" деген мәртебесі бар бұйрық бойынша тіркеушінің ЭЦҚ пайдалана отырып бұйрыққа қол қою жүргізіледі. Бұл ретте ақпараттық жүйеде бұйрықтың мәртебесі "Қол қойылды" деп өзгереді, ал тізілімде астық сақтау бойынша қызмет үшін төлем жүргізгенге дейінгі күн көрсетіледі.

Егер сақталған күнінен бастап күнтізбелік үш күн өткен соң клиенттердің ЭЦҚ пайдалана отырып бұйрыққа қол қойылмаса, онда бұйрықтың мәртебесі ақпараттық жүйеде "Жойылды" деп өзгертіледі.

29. Астық қолхатын бұғаттау бойынша операцияны тіркеуші "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының талаптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сондай құқығы бар мемлекеттік органдардың актілері негізінде (бағалы қағаздарға тыйым салу туралы) тіркеледі.

Бұл ретте астық қолхаты тізілімде астық қолхатын ұстаушының және кепіл ұстаушының дербес шотында "Бұғатталған" деп бұғатталумен көрсетіледі (астық қолхатында "Кепілде" мәртебесімен).

30. Астық қолхатын бұғаттаудан босату операциясын тіркеуші Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сондай құқығы бар мемлекеттік органдардың актілері (бағалы қағаздарды оқшаулаудан босату туралы) негізінде тіркеледі.

Бұл ретте астық қолхаты тізілімде астық қолхатын ұстаушының және кепіл ұстаушының дербес шотында "Бұғатталған" деп бұғаттаумен көрсетіледі астық қолхатында ("Кепілде" мәртебесімен).

31. Мынадай жағдайларда:

1) осы Қағидалардың 32-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда "Жойылды", "Бөлінген", "Шоғырланған", "Сатылған", "Есептен шығарылған", "Сатуда", "Электрондық сатуда", "Сату болды", "Кепілде", "Белсенді" мәртебесі бар;

2) "Бұғатталған" деп бұғаттаумен (астық қолхатының деректерін өзгертуге арналған операцияны қоспағанда);

3) клиенттің дербес шотында бұғаттау болған жағдайда (астық қолхатының деректерін өзгертуге арналған операцияны қоспағанда);

4) астық сақтау қоймасына бұғаттау болған жағдайда (астық қолхатының деректерін өзгертуге, астық қолхатын бөлуге, астық қолхаттарын шоғырлауға, астық қолхатын өтеуге арналған операцияларды қоспағанда);

5) бүйрықтың мәртебесі "Келісілмеген", "Келісілген", "Қол қоюда" болған кезде Астық қолхаттарымен операциялар жасауға жол бермейді:

32. Мынадай жағдайларда:

1) "Белсенді" мәртебесі бар (астық сақтау бойынша қызметке төлем жүргізілгенге дейінгі күннің мерзімі өткен астық қолхатын өтеу операциясын қоспағанда);

2) "Кепілде" мәртебесі бар (астық қолхаты бойынша сауда-саттық жүргізу және астық қолхатының деректерін өзгерту туралы хабарламаны жариялау үшін);

3) "Сатуда", "Электрондық сауда-саттықта", "Сауда-саттық болды" (астық қолхатының деректерін өзгерту үшін);

4) "Еркін" бұғаттаумен;

5) тіркеуші Астық қолхатымен операциялар жүргізуға жол берілмейді.

33. Астық қабылдау кәсіпорнының ЭЦҚ пайдалана отырып (бірінші басшысы немесе бас бухгалтер) қол қойылған бүйрықтың негізінде Жеке кабинетте тіркелетін ақпараттық операцияларға:

1) астық қолхаттарын ұстаушылардың тізілімін жасау;

2) дербес шоты бойынша жалпы көшірмесін жасау;

3) астық қолхаты бойынша көшірмесін жасау;

4) дербес шоты бойынша тіркелген операциялардың тізімін жасау;

5) астық қолхаты бойынша тіркелген операциялардың тізімін жасау жатады.

34. ЭЦҚ пайдалана отырып қол қойылған бүйрықтың негізінде Жеке кабинетте тіркелетін ақпараттық операцияларға:

- 1) дербес шоттар бойынша жалпы көшірмесін жасау;
- 2) астық қолхаттары бойынша көшірмесін жасау;
- 3) дербес шоттар бойынша тіркелген операциялардың тізімін жасау;
- 4) астық қолхаты бойынша тіркелген операциялардың тізімін жасау жатады.

35. Тіркеуші Қазақстан Республикасының занамалық актілеріне сәйкес ақпараттық жүйеге енгізілген мәліметтер алуға құқығы бар мемлекеттік органдардың жазбаша сұраныстары негізінде ақпараттық операцияларды тіркейді.

4-тaraу. Тізілімге қолжетімділіктің берілу тәртібі

36. Тізілімнің деректеріне қол жеткізуді тіркеуші сыртқы және ішкі веб-портал арқылы қамтамасыз етеді.

37. Тізілімге қол жеткізу тәулік бойы қамтамасыз етіледі.

38. Сыртқы веб- порталды пайдаланушыларға ЭЦҚ пайдалана отырып ақпараттық жүйеде тіркелу талап етілмейді. Бұл ретте оларға веб- порталда келесі функциялар қолжетімді:

- 1) тізілім бойынша құқықтық және анықтамалық ақпараттармен танысу;
- 2) лицензиарлар, астық қабылдау кәсіпорындары, сондай-ақ оларға берілген лицензиялар бойынша мәліметтерді қарап шығу;
- 3) астық қабылдау кәсіпорындарының жылдық қаржылық есептіліктері мен аудиторлық есептерін қарап шығу;
- 4) астық қабылдау кәсіпорындарының (элеватор, астық қабылдау пункті) құқық меншігінде бар астықты сақтау жүргізілетін астық қоймалары, оның ішінде астық қоймаларының техникалық сыйымдылығы және олардың астықпен жүктелуі бойынша мәліметтерді қарап шығу;
- 5) астық қоймаларының жылжымайтын объектілеріне (жер участкесіне) тіркелген ауыртпалықтардың (кепіл, сенімдегі басқару және т.б.) және шектеулердің (қамау және басқа да) бар-жоғы туралы мәліметтерді қарап шығу;
- 6) тіркеуші веб- порталда:
 - астық қабылдау кәсіпорнының астық қоймасының мүліктік кешенінен оқшаулануы туралы;
 - кепіл ұстаушының немесе астық қолхатын ұстаушының сауда-саттықты жүргізгені туралы;
 - астық қабылдау кәсіпорнына уақытша басқарудың енгізілгені туралы жергілікті атқарушы органның сотқа берілген өтініші туралы және астық қабылдау кәсіпорнына уақытша басқарудың енгізілгені туралы сот шешімінің занды күшіне енгені туралы жарияланған хабарларды қарап шығу;

7) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 8 мамырдағы № 18-03/241 бүйрығымен бекітілген Астық нарығы мониторингін жүргізу қағидаларына сәйкес тізілімге берілетін мониторингтің деректерін қарап шығу.

39. Жеке кабинетке қолжетімділік беру үшін:

1) ақпараттық жүйеде өздігінен тіркелу және Жеке кабинетте тіркеушімен шарт жасау үшін клиенттердің (астық қабылдау кәсіпорындарының, астық қолхаттарын ұстаушылардың, кепіл ұстаушылардың, астық иелерінің және басқа тұлғалар) ЭЦҚ болуы қажет;

2) өкілетті орган және облыстың жергілікті атқарушы органды жыл сайын тіркеушіге ЭЦҚ бар өз қызметкерлерінің жаңартылған тізімін жібереді.

40. Өкілетті орган үшін Жеке кабинетте астық қолхаттарын ұстаушылардың дербес деректерін көрсетпей астық нарығының субъектілері және астық қоймалары бойынша талдамалы және статистикалық есептіліктерді қалыптастыру бойынша функция қолжетімді болады.

41. Облыстың жергілікті атқарушы органды үшін Жеке кабинетте келесі функциялар:

1) астық қолхаттарын ұстаушылардың дербес деректерін көрсетпей тиісті облыстың астық қабылдау кәсіпорындары және астық қоймалары бойынша талдамалы және статистикалық есептіліктерді қалыптастыру;

2) астық қабылдау кәсіпорынына уақытша басқаруды енгізу туралы сотқа берілген өтініш туралы және астық қабылдау кәсіпорынына уақытша басқаруды енгізу туралы сот шешімінің қабылдау туралы ақпаратты енгізу қолжетімді болады.